

предпосылки и для успешной борьбы с тяжкими насильственными преступлениями против личности [2].

Общее предупреждение как одно из направлений в борьбе с преступностью предполагает следующее. Профилактика правонарушений и предупреждение преступности относятся к стратегическим вопросам экономического и социально-политического развития страны.

Общие, или общесоциальные, меры профилактики по своему содержанию, видам и значимости разнообразны. Наиболее важнейшие из них, как мы указывали, это обеспечение рынком труда всех слоев населения, их всемерная, их социальная защита со стороны государства, прежде всего. Именно повышение уровня и качества жизни определяют духовно-нравственные и другие потребности человека.

В решении общесоциальных задач отдельно выделяется целенаправленная работа по воспитанию человека. Общий уровень сознательности некоторых слоев людей, их моральная и правовая культура оставляет желать лучшего. Порой все усилия субъектов профилактики сводятся лишь к лозунгам лучшей жизни.

Предупреждение насильственных преступлений против личности является частью общего предупреждения преступлений и преступности в стране.

Подводя итог, отметим, что в системе мер профилактики насильственных преступлений большое внимание уделяется криминологами специально-криминологическим мерам. Применительно в деятельности субъектов предупреждения, в особенности органов внутренних дел, предупреждение является практической интерпретацией концепции предупреждения преступности, реализуемой субъектами предупреждения лишь точки зрения технологии проводимой работы.

Список использованной литературы:

1. Интыкбаев М.К., Интыкбаева В.М., Мухамадиева Г.Ж., Нурахметова А.М. Уголовно-правовой и криминологический анализ корыстно-насильственной преступности в Республике Казахстан: Монография. – Караганда: Центрально-Казахстанская академия, 2017.
2. Алтайбаев С.К., Интыкбаев М.К. Криминология: Дәрістер курсы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбаек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы. 2017.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУДЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ТӘРТІБІ

Ордабаева Ф.Х.

Дәлелдемелер және дәлелдеу-қылмыстық іс жүргізудің мәнін анықтайтын негізгі сұрақтар болып табылады. Оларға көптеген авторлардың зерттеулері арналған, бірақта дәлелдеу мәселесі толық зерттелді деп айтуға болмайды, теорияда өз шешімін таппаған көптеген сұрақтар бар. Дәлелдеу мәселесін зерттеу қылмыстық іс жүргізуде өзінің маңыздылығын жоғалтпайды, өйткені ол қоғамдық қылмыстылықтан қорғауға бағытталған тәжірибелік іс-әректпен тығыз байланысты. Ал, қылмыстылықтың көбейіп тұрған уақытында мұндай зерттеу ерекше мәнге ие болады.

Дәлелдемелерді жинаудың мәнін, оның дәлелдеудегі орнын және жеке ішкі құрылымын анықтау үшін тергеушілер, прокурорлар, соттар жүзеге асыратын танымдық қызметтің кейбір біршама жалпы белгілеріне талдау жасау керек. Дәлелдемелер дәлелдеудің шаралары ретінде пайдаланылуы үшін оларды жинау қажет. Барлық қажетті фактілі мәліметтердің ішінен істе мәні бар белгілері бойынша бөліп алуға болады. Сонымен, дәлелдемелерді жинау – іс бойынша шындыққа қол жеткізу мақсатында қылмыстық іс жүргізу құқығында көзделген процессуалдық шаралар мен ұйымдық іс-қимылдардың жиынтығы.

Біздің ойымызша, дәлелдеудің маңызды мәселелерінің біреуі дәлелдемелерді жинау. Дәлелдемелерді жинау термині қылмыстық іс-жүргізу заңдылығында ертеден қалыптасқан, бірақта дәлелдемелерді жинау мәнін ғылыми талқылауды жеткілікті негізде зерттелген деп айтуға болмайды. Сондықтанда дәлелдемелерді жинау мәселесін зерттеу ерекше маңызды мәнге ие болады. Дәлелдемелердің жинаудың қателігі алдын ала тергеумен соттық тергеуде жіберілетіндігін тәжірибелік талдаулар көрсетіп отыр. Олар кінәліні анықтамауға әділ емес үкім шығаруға алып келеді. Бұған белгілі бір көлемде дәлелдемелерді жинау мәні туралы және іс

материалдарында іс-жүзіндегі деректердің толықтығымен нақтылығын анықтайтын факторлар туралы біртұтас ғылыми көзқарастың болмауы септігін тигізеді.

Тергеу органдарымен соттың ақиқатты анықтаудағы қателіктің тек қана дәлелдемелерді жинау мәні туралы көзқарастың түсініксіздігіне байланысты емес. Олар көбінесе тергеу әрекетін дұрыс таңдамауға байланысты болады.

Дәлелдемелерді жинау мәселесіне байланысты ғылымда көптеген әртүрлі көзқарастар мен дау тудыратын мәселелер жеткілікті. Сондықтан, біз дипломдық жұмыста дәлелдемелерді жинаудың танымдық мәні мен құрылымын, дәлелдеу жүйесіндегі орнын қарастырдық. Сондай-ақ оның негізгі әдісі болып табылатын тергеу әрекеттеріне анализ жасадық. Осымен бірге дәлелдемелерді қалыптастырудағы оның ролі анықталды және дәлелдемелерді жинаудың басқа да әдістеріне назар аударылды.

А.М.Ларин дәлелдеудің танымдық (гносеологиялық) сипатына тоқталады, ол дәлелдеу дегеніміз «осы құбылыстың, фактінің және оларды басқа да фактілермен, құбылыстармен негіздеу арасындағы байланыстарды анықтау. Бұл байланыстардың объективті түрдегі сипаты бар: олар танылғанына немесе танылмағанына қарамастан, дәлелдеуді жүзеге асыратын адамның еркіне қарамастан болады»[16].

Дәлелдеу процесінде олар анықталады, танылады және белгілі бір жорамалдың шындығына көз жеткізуге мүмкіндік береді». Әрі қарай ол дәлелдеудің мәнісі дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден және бағалаудан көрінеді деп атап өтеді. Дәлелдеу мәнісінің анағұрлым терең анықтамасы Төлеубекова Б.Қ. тиесілі: «Оқиға туралы мәліметтер алынуы мүмкін ақпарат көздерін табу, ол мәліметтерді жинау, оларды іс жүргізу түрінде бекіту, қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды сенімді түрде анықтау мақсатында тексеру мен бағалау - қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінің мазмұнын құрайды»[1:6]. Өзара диалектикалық іс-қимылға түсетін ойлау және практикалық тұрғыдағы тең екі жақтың үйлесімін дәлелдеудің мәнісін айқындай келіп Р.С.Белкин былай деп жазады: «қылмыстық іс-жүргізудегі дәлелдеу дегеніміз - заңда көрсетілген органдар мен адамдардың іс жүргізу қызметі, олар ықтимал тергеу жорамалдарын анықтаудан осы жорамалдар бойынша, сол сияқты іс бойынша сенімді түрдегі қорытындыларды негіздеу бойынша дәлелдемелер мен олардың көздерін жинаудан, тексеруден және дәлелдеуден көрінеді»[16].

Тергеу органдарының міндеті-қылмысты ашу, дәлелдемелерді жинау, оларды баянды ету, зерттеу және бағалау жолымен қылмыс істеген адамдарды анықтау. Сонымен бірге тергеуші іс бойынша барлық мән-жайларды анықтауға және зерттеуге міндетті, тергеу жүргізіліп жатқан қылмыстық іс материалдарына негізделген жорамалдар мен болжамдарды, қылмыстың жасалуының мән-жайларын, қылмыс жасаған адамдар, сол адамдардың қылмыс жасау себептері туралы мәліметтерді тексеруге міндетті.

Анықтаушы, тергеуші, прокурор және сот қылмыстық іс бойынша алдын-ала тергеу мен сот тергеуін жүргізіп, сол істің мән-жайын анықтау үшін дәлелдемелерді қолданады.

Тергеуші ҚПК-ге сүйене отырып жұмыс жасайды, жауап алады, тінту жүргізеді, қамауға алады т.б. жүзеге асырады.

Анықтаушы, тергеуші, прокурор және сот өздері жүргізіп отырған істер бойынша ҚПК-де белгіленген тәртіпте куә, жәбірленуші есебінде жауап алу үшін, сараптама жүргізу үшін, қандай адамды болса да шақыртып алуға, іс бойынша қажетті нақты деректерді анықтауға көмегі тиетін заттарды, құжаттарды, сондай-ақ кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан, лауазымды адамдардан, азаматтардан мәліметтер талап етуге құқылы.

Сезікті, айыпталушы, қорғаушы, айыптаушы, сондай-ақ жәбірленуші және оның өкілі, ақы талапкері, ақы жауапкері және олардың өкілдері, сол сияқты кез келген азамат, кәсіпорын, мекеме және ұйым дәлелдемелер тапсыра алады.

Анықтаушы, тергеуші, прокурор және сот іс бойынша жинап алынған барлық дәлелдемелерді толық, жан-жақты объективті түрде тексеруге тиіс.

Қорыта айтқанда, анықталған деректер іс бойынша дәлелдеме болу үшін оларға мынадай талаптар қойылады:

1) Фактілер қылмыстық іске байланысты болу қажет, қылмыстық іс бойынша мән-жайды дәлелдеу керек. Мысалы, кісі өлтіруді тексеріп жатқанда, біреу басқа адамның ұрлығы туралы айтса, ол фактілер іске қатысты бола алмайды.

2) Фактілер қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болу үшін ҚІЖК-де тәртіп бойынша анықталуы тиіс. Мысалы, куәдан жауап алу, тінту жүргізу, т.б. іс үшін маңызы бар мәліметтер тергеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде табылуы тиіс.

3) Қылмыстық іс бойынша дәлел болатын фактілер ҚІЖК 115-бабының 2-тармағында көрсетілген дәлелдер көзінен алынуы қажет, сонда ғана олар рұқсат етілген деп танылады (128-баптың 5 бөлігі). Мысалы, із кезуші ит қолдану нәтижесінде табылған фактілер, жедел-іздігіру жұмыстарын жүргізу кезінде табылған деректер ҚІЖК-де көрсетілген дәлелдерді жинауды зерттеуді, бағалауды реттейтін тәртіпке сәйкес келмейінше, іс бойынша дәлелдеме бола алмайды.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтайтын, заңды түрде алынған деректер іс бойынша дәлелдемелер деп танылады.

Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдеу үрдісі дегеніміз - анықтама жүргізуші және тергеу органдарының, прокуратура және сот органдарының қылмыстық процестің басқа субъектілерінің қатысуымен жүзеге асыратын әрекеті болып табылады. Заңдық әдебиеттерде қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау процесінде адамгершілік нормаларды, қағидаларды және талаптарды қолдану туралы білімдердің жиынтығын қылмыстық-процессуалдық дәлелдеу деп аталынады.

Тергеу іс әрекеттері дәлелдеу үрдісін жүргізудің негізгі тәсілі табылады. Қылмыстық істі тергеу кезінде дәлелдемелерді табу, жинау, бекіту және зерттеу мақсатында жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізу заңымен анықталған және процессуалдық мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген операциялар мен әдіс- тәсілдердің жиынтығы тергеу іс әрекеттерін құрайды.

Құқықтық негізде дәлелдемелер жинау - заңда көрсетілген тергеу және сот іс- әрекеттерін жүргізу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу сот талқылауы процесінде жүргізіледі. Дәлелдемелер жинау оларды табуды, бекітуді және алуды қамтиды. Дәлелдемелерді табу үшін, арнайы мақсатта белгілі бір тергеу әрекеті жүзеге асырылады. Мысалы, айтар болсақ, дәлелдемелерді табу мақсатында тексеру, тінту, куәландыру, почта, телеграф жөнелтімдерін тұтқындау сияқты тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, дәлелдемелерді табу үшін жедел іздігіру шаралары жүзеге асырылады.

Дәлелдемелерді жинау- бұл бар фактілік мәліметтерді өкілетті субъектімен жинау, бекіту және қалыптастыруға бағытталған белсенді әрекет. Бұдан қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы субъектілердің дәлелдеудің бастапқы кезеңінде «дайын дәлелдемелерді» алуға мүмкіндіктерінің болмайтындығын көруге болады.

Дәлелдемелерді жинау жүйесіне тек іздеушілік және анықтау әрекеттері ғана жатқызбай, куәландырушылық және құқық берушілік операцияларын қамтиды деп айтуға болады.

Қылмыстық процесте кең тараған дәлелдемелерді бекіту - бұл дәлелдеудің жеке элементі емес, ол дәлелдемелерді жинаудың ажырамас элементі болып табылады деген пікірге қарсы мынандай пікір айтуға болады: дәлелдемелерді бекітудің маңызы тек дәлелдемелерді сақтауда ғана емес, алынған фактілік мәліметтерді дәлелдемелерге айналдыруда деп қорытынды айтуға болады.

Дәлелдемелерді жинау қылмыстық іс жүргізудің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Әрбір кезеңде белгілі бір заңдық талаптарды сақтай отырып жиналған фактілік мәліметтер өзіндік сапаға ие болып, дәлелдемелерге айналады. Қылмыстық істі қозғау, басты сот талқылауын тағайындау сатысында, үкімдерді орындау және апелляциялық институттарда үкімді қайта қарау сатысында дәлелдемелерді жинау талап ету, қабылдау, сұрау салу тәсілі ретінде көрініс табады. Алдын-ала және соттық тергеу сатыларында дәлелдемелерді жинауда тиімді, мәжбүрлеу тәсілімен қамтамасыз етілген тергеу әрекеттері бірінші орынға шығады. Тергеу әрекеттері бұл тергеушімен немесе сотпен жүзеге асырылатын іздеушілік, танымдық және куәландырушылық операциялар. Алдын-ала тергеуде және сотта дәлелдемелерді жинау тәсілдері ұқсас және жалпылама түрде болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ларин А.М. Доказывание на предварительном расследовании в советском уголовном процессе. М., 1961.
2. Белкин Р.С. Сущность экспериментального метода исследования в советском уголовном процессе и криминалистике. М., 1961.
3. Төлеубекова Б.Қ. ҚР Қылмыстық іс-жүргізу құқығы. 2000.